ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 30 қазан №7119-23-00-2/12441 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Барбарис» атты жеке кәсіпкер Батыржан Бегайдарулы Раймкулов

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылғы 23 қыркүйекте Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – МКК) мен «Барбарис» атты жеке кәсіпкер Батыржан Бегайдарулы Раймкулов (бұдан әрі – ЖК) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №202 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес ЖК өнім беруші ретінде 2023 жылдың 13 қазанына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 64 500 теңге тауар – 30 дана марапаттау медальдарды жеткізуге, ал МКК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауарды жеткізбеген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып

Документ подписан: Жақсыбаев А. Ғ., 30.10.2023
Дата вступления в законную силу: 07.12.2023, судья Жақсыбаев А. Ғ., 07.12.2023
7119-23-3-1/12362

алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 23 қыкүйекте тараптар арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізу мерзімі – 2023 жылғы 13 қазаг.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Осыған орай, қазіргі уақытта шарт бұзылуға жіберілді.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Барбарис» атты жеке кәсіпкер Батыржан Бегайдарулы Раймкуловқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Барбарис» атты жеке кәсіпкер Батыржан Бегайдарулы Раймкулов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 30.10.2023
Дата вступления в законную силу: 07.12.2023, судья Жаксыбаев А. Г., 07.12.2023
7119-23-3-1/12362

Жауапкер «Барбарис» атты жеке кәсіпкер Батыржан Бегайдарулы Раймкуловтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 30.10.2023

Дата вступления в законную силу: 07.12.2023, судья Жаксыбаев А. Г., 07.12.2023

7119-23-3-1/12362